

Түркістан облысы
Сайрам ауданының білім бөлімі
«Қазына кз» бөбекжай –бақшасы»
«Айгөлек» ортаңғы тобы



«Бекітемін»
«Қазына кз» бөбекжай менгерушісі»
Э.А.Бегалиева

Ұйымдастырылған ойын – сауық әрекеті

Тақырыбы:

«Көшеде жүру ережелері»
(ойын – сауық)

Тәрбиешілер: Тастанбекова Г.Б.
Салыбек Г.

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Көшеде жүру ережелері» ойын - сауық

Мақсаты: Жалпы жол белгілерімен балаларды таныстыруды жалғастыру, жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылығы: Іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру.

Тәрбиелігі: Жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер: жол белгілері, бағдаршам, ойынышық көліктер.

Тәрбиеші балалармен амандасып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін бастайды.

Тәрбиеші: Құрметті балалар, біз бүгін жолда жүру ережесін қаншалықты білеміз, жол белгілерін айыра аламыз ба?, өз өміріміздің қауіпсіздігін сақтай аламыз ба?, осы тақырыпта ой бөлісеміз.

Мен сендерге жұмбақ жасырайын:

1. *Үш көзі бар қаз – қатар,*

Кезек – кезек ашады.

Үшеуінен байқасам,

Үш түсті нұр шашады. (Бағдаршам)

2. *Ала таяқ ұстаған,*

Жол тәртібін нұсқаған.

Өмірінді күзеткен,

Ысқырықпен түзеткен. (жол полиция қызметкери)

3. *Көше бойлап аяңдайды,*

Адам тасып аялайды. (Автобус)

4. *Көліктің қаншасын үстінен өткізген,*

Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)

Мансур:

«Жүргінші, жүргінші,

Есінде болсын көше қылышы.

Имона:

Қай көше, қай қалаға барасыңыз да,

Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да.

Жол жүру ережесін заңды тәртіп,

Ол ортақ! Үлкен - кіші баршамызға.

Бір бала жол полиция қызметкерінен қашып ішке жүгіріп келеді,

артынан полиция қызметкери қуып кіреді.

- Азамат, тоқта дедім ғой саған

Бала ентігін баса алмай:

Иә, иә не болды қорқып кеттім ғой.

- Азамат, жол бойында жүріп бара жатқан машинаға жабысуға болмайды, сен көше тәртібін бұздың.

Жүргізуши: Кешіріңіз енді үл баламыз олай жасамайтын болады.

Қимылды ойын: «Қасқыр мен Қоян»

Қоян:

- Ой, Қасқыр саған не болған?

Қасқыр:

- Ештеңе болған жоқ,

- Онда аяғын неге ақсаңдан қалған?

- Ой қоян, сенен ешнәрсе де жасыра алмайды екенсің. Қолікке жабысамын деп...

- Сен не қолікке жабысып жүрсің бе?

- Иә.

- Жүріп бара жатқан қолікке жабысуға болмайтынын білмейсің бе?

- Баратын жеріме тез жетейін деп....

Тез жетейін деп өзіңе не болғанын көрдің бе?

- Көрдім.

- Қашеде қалай болса солай жүргуге, қоліктеге жабысуға болмайды ғой.

- Ал егер асығып тұрсаң ше?

- Қаншалықты асығып тұрсаң да, жол ережесін сақтау керек.

- Жол ережесін?

Жүргізуши: иа, жаяу жүріп бара жатқан адамдарға, жүргізушилерге арналған ережелер болады. Сол ережелерді сақтау керек. Жол ережесін сақтамағандарға айыппұл салады, ең қорқыныштысы сен сияқты жарақат алады.


Ойын: «Жол ережесін білесін бе?»

Шарты: Балалар велосипедпен жаяу жүргіншілер жолына дейін барып, велосипедтен тұсіп, жаяу жүргіншілер жолын өту.

Жүргізуши: Бағдаршам жол тәртібін реттейтін белгі. Бағдаршам болмаса жолда жүру тәртібі бұзылады. Енді сендердің зейіндерді тексеріп көрейін. Бағдаршамның қызыл көзі жанса - тыныш отырыңдар, сары көзі жанса – шапалақтаңдар, ал жасыл көзі жанса – аяқтарыңмен жүруді бейнелеңдер.

Балаларды мақтап мадақтау арқылы қорытындылау.

Діслер: *Мадақ* -



«Көшеде жұру ережелері» ойын-сауық барысында

